

2007-02-28

ҚАРАТАЙ МЕН ХРУЩЕВ

Сәбит ДОСАНОВ

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, М.Шолохов атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты Сәбит Досанов көптеген роман, хикаят, әңгімелер жинағының авторы. Шығармалары бірқатар тілдерге аударылған. Біз бүгін оқырман назарына жазушының жаңа әңгімесін ұсынып отырмыз.

Алып империяның айбатынан ай жасырынған басшысы бастаған аса мәртебелі меймандар тыңға күтпеген жерден сау ете қалады деген ой Қаратайдың үш ұйықтаса түсіне кірмеген-ді. Олардың тың игерген совхозға келуі Қаратай үшін күтпеген оқиға болғанмен, жергілікті басшылар үшін жаңалық емес еді. Осыдан бір күн бұрын Қазақстан Республикасы Министрлер Кеңесінің Төрағасы Қонаев облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Морозовқа телефон шалып, Бас хатшының ертең жолға шығатынын хабарлаған болатын.

-Дінмұхамед Ахметұлы! Кешіріңіз, өзіңіз Никита Сергеевичпен бірге келесіз ғой, – деді Морозов.

-Иә, мен Никита Сергеевичпен бірге келемін.

-Сіздің бірге келетініңізге қуанып тұрмын, Дінмұхамед Ахметұлы. Сіз келсеңіз, жағдайымыз жаман болмас.

-Неге олай дейсің, Дмитрий Игнатьевич?

-Сіз біздің жел жақтағы панамыз, ық жақтағы саямызсыз, қымбатты Дінмұхамед Ахметұлы!-деп жағымпаздана сөйледі Морозов.-Жергілікті жердің жағдайын жақсы білесіз. Сіз келсеңіз, жағдайымыздың жақсы боларына сенемін!

-Ал, жақсы, Никита Сергеевичті қарсы алуға жақсылап дайындалыңдар.

-Жақсы. Көріскенше,-деп телефон тұтқасын орнына қойған Морозов ойланып қалды. Ол қатты абыржулы еді. Хрущевтің Қостанайға келе жатқаны жайлы хабар жалғыз Морозовты ғана емес, жергілікті басшылардың бәрін де қатты састырды.

“Тың және тыңайған жерлерді игеру идеясының авторы Владимир Ильич Ленин еді,-деп ойлады Морозов.-Алайда, кезінде оған мүмкіндік болмады. Сол идеяны иемденген Хрущев үшін тың оның өзегін жарып шыққан өз перзенті есепті. Тың-оның аңсары. Ендеше, Хрущевқа көрсету үшін егістігі арамшөптен ада озат шаруашылықты таңдау шарт. Бидайы биік әрі тығыз өсіп, теңіздей толқыған егін алқабын көрсетсек, оның көңілінен шығамыз. Біздің мерейімізді өсіретін облыстағы ең үлгілі шаруашылық Қаратай Айтжанов басқаратын Москва совхозы. Аттың басын сонда бұрған жөн. Әйтсе де, Хрущев табан астында бәрін күрт өзгертуі мүмкін. Ол соңғы сәтте облыс картасының бір нүктесін тұртіп қалып: “Мен осы жерге барамын” десе қайттік? Ай-ай-ай, непредсказуемый Хрущев! Сенің осы адам түсініп болмайтын алақұйын мінезің-ай. Жарты әлемді жалғыз билеп, көрдегі Сталинмен алысып, төрдегі Маленьковтың жаназасын тірідей шығарғаныңмен қоймай, біздің де екі аяғымызды бір етікке тығып жүрсің. Кремльдегі ең биік таққа отырған үш жылдың ішінде айналанды ала тайдай бүлдіріп болдың. Сенің тепкіңнен қашан құтылар екенбіз? Жә, бөгде оймен бас қатырмай, Хрущевті қарсы алудың қамына кірісейін. Москва совхозына телефон арқылы хабарлау аз, обкомның жауапты қызметкерлерінің біреуін тез сол жаққа аттандыру керек. Хрущевті қарсы алу жайын жігіттермен ақылдасайын. Кім не айтар екен?” Осы ойға табан тіреген Морозов шұғыл мәжіліс өткізді.

Мәжіліс аяқталысымен обкомның ауыл шаруашылығы жөніндегі хатшысы Москва совхозына телефон соғып, Қаратайға шаруашылықтың астық тапсыру жөніндегі биылғы міндеттемесін өсіруді қатаң тапсырды. Іле обкомның білдей бір қызметкері Москва совхозына жетті. Хрущевқа көрсететін егіс алқабын екеуі бірге таңдады.

Мәртебелі қонақтар айтылған уақыттан екі сағат кешігіп келді. Қаратай олардың қарасы көрінісімен-ақ Мейрамханға белгі беріп, жақын маңда жүрген екі комбайнерді осы тұсқа жеткізген. Олардың бірі – тәжірибелі комбайнер Сергей де, екіншісі-егін орағына көрші ауданнан көмекке келген Ерасыл. Өткен жылы Сергейге көмекші болған ол биыл жеке комбайнға ие болып еді.

Тас жолдан шығып, астықты алқапқа жете бере тоқтаған алдыңғы машинадан түскен үшеу қатар жүріп, жол бастады. Ортада жалтыр басы күнге шағылысып, аласа бойлы, толық денелі Хрущев келе жатыр. Оның оң жағында қайратты, қалың шашын шалқасынан қайырған, кең маңдайлы, қалың қасты, ұзын бойлы келбетті кісі онымен бірдей адымдайды. Ол Қазақстан Республикасы Министрлер Кеңесінің төрағасы Қонаев. Сол жақтағы ақсары жігіт Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Яковлев. Бұлардың соңында Қазақстан Компартиясының екінші хатшысы Журин, Қазақ Советтік Социалистік Республикасы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Тәшенов, Қостанай облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Морозов бастаған тағы бір топ бар. Москва совхозы комсомол ұйымының хатшысы сұңғақ бойлы, сұлу қыз Сұлушашты алға салған қыздар тобы мәртебелі меймандарға нан-тұз ұсынды.

-Охо, қандай дәмді!-деді үстіңгі жағы қызылкүрөденіп піскен дөңгелек таба нанның шетінен үзіп жеген Хрущев.

-Бұрқыраған иісі қандай ғажайып,-деді Яковлев.

-Аса мәртебелі Никита Сергеевич, бұл биылғы егіннің дәнінен сізге әдейі арнап пісірілген нан,-деді Қаратай.-Тыңның биылғы астығының алғашқы дәмін сіз татып тұрсыз.

-Бұл жақсы ырым,-деді Қонаев.-Сізге тың астығынан дәм таттырып, биыл миллиард болу үшін өзіңіздің мейір-шапағатыңызды күтіп тұрған бұл жігіт осы Москва совхозының директоры Қаратай Айтжанов.

-Мына Қонаев кеше Алматыдағы жиында биыл миллиард болады деді. Сен Қостанайға Мәскеуден келдің де, ол сөзді естіген жоқсың. Қалай ойлайсың, биыл миллиард бола ма?-деді Хрущев Яковлевке қадала қарап.

-Болады, Никита Сергеевич, болады!-Құрақ ұшып, құрдай жорғалаған Яковлев алға түсіп, жол бастады.-Міне, көріп тұрсыз ғой, биыл тыңда бітік егін өсірдік.

Хрущев тығыз әрі бітік өскен бидайдың арасында тұрғанда, Тәшенов алақанындағы бір уыс дәнге оның назарын аударды:

-Никита Сергеевич, көрдіңіз бе, мына дән қандай топ-толық.

Хрущев Тәшеновке көзін сығырайтып, сынай қарады да теріс айналды.

-Мынандай бітік өскен егінді жинап алуға Қостанай облысының күші жете ме? Сен не дейсің?-деп Морозовқа бұрылған Хрущевтің көк желкесіне Тәшенов өткір қанжардай қадалды.

-Жетеді, Никита Сергеевич! Облыстағы төрт жарым миллион гектар жердің астығын жиырма мың комбайн орып жүр. Жиырма бес мың машина тың астығын тасып жатыр,-деді Морозов.

-Қазақстан миллиардына Қостанайдың қосатын үлесі қанша?-деді Хрущев.

-Қымбатты Никита Сергеевич! Қазақстан миллиардының төрттен бірін Қостанай облысы береді,-деді Морозов.

-Бұл дегенің 250 миллион пұт қой.

-Дәл солай, қымбатты Никита Сергеевич!

-Ал, жас жігіт, өз совхозыңның үлесін айтшы,-деді Хрущев Қаратайға қарап.

-Никита Сергеевич, біздің Москва совхозы биыл тоғыз мың пұт астық тапсыруды жоспарлап отыр,-деді Қаратай сабырлы үнмен салмақты сөйлеп.

-Түсім қалай?-деп сұрады Хрущев.

-Бір гектардан жиырма центнер деп жоспарлап отыр, әзір сол межеден ауытқыған жоқпыз.

-Сіз Айтжанов жолдас, қымбатты Никита Сергеевичтің келу құрметіне тоғыз жүз мыңды бір миллионға жеткізуге міндеттеме алыңыз,-деп сөзге араласты Яковлев.

-Бүгін сіздерді қарсы алар алдында совхоз ұжымымен ақылдасып, тоғыз жүз мыңды бір миллионға жеткізуге бәтуаластық,-деді Қаратай.

Сол сәт бұлардың жанына Сергей мен Ерасыл да келіп жеткен еді.

-Бұлар кімдер?-деді Хрущев ол екеуіне сығырая қарап.

-Никита Сергеевич, бұлар Москва совхозының миллионын беретін комбайнерлер,-деді Қаратай.

-Дінмұхамед Ахметұлы, айтшы, тыңның астығын қанша машина тасып жүр?-Хрущев енді оң жағында тұрған Қонаевқа қарап сөйледі.

-Токсан мың, Никита Сергеевич.

-Сол жеткілікті ме? Үлгере ме олар осынша мол астықты тасып,-деді Хрущев егіс алқабында бітік өскен бидайды нұсқап.

-Биылғы мол астықты жауын-шашынға ұрындырмай, элеваторларға кідіріссіз жеткізу үшін тағы да аздаған көмек керек,-деді ойлана сөйлеген Қонаев.

Хрущев өзін қоршай тұрған көппен суретке түсіп болғасын көңілі көтеріліп, астық алқабына қарап асқақтай сөйледі:

-Мәскеуге барған соң,-деді ол қабағын кере күлімсіреп,-мына жайқалған егін теңізінің арасында түскен суретті тың игеруге қарсыларға көрсетемін. Ал, жолдастар, сендер мені ұятқа қалдырмаңдар. Қанша қымбатқа түссе де, қалайда биыл миллиард болатын болсын!

-Қымбатты Никита Сергеевич, оған алаң болмаңыз. Миллиард болады! Сіз аман болыңыз. Сіз аман болсаңыз алынбайтын асу жоқ.

-Коммунизмнің де төбесі көрініп тұр,-деп қойып қалды Хрущев.-Оған жететін күн алыс емес.

-Никита Сергеевич, кешіріңіз,-деді алға бір аттап Хрущевке бір табан жақындаған Ерасыл,-сонда біз коммунизмге қашан жетеміз?

Жап-жас жігіттің батылдығын ұнатпаған Хрущев Ерасылға оскырына қарады. Бас хатшының жанына ерген басшылар іштей: “Мына бала бірдеңені бүлдірмес пе екен” десіп үрейлері ұша үрпісіп қалды.

-Көгершінім, біліп қой,-деп сыздана сөйледі Ерасылға қадала қараған Хрущев,-қашан барлығымыз орысша сөйлейміз-сол кезде коммунизмге жетеміз. Түсінікті ме, балақай.

-Түсінікті,-деп мінгірледі тағы да сұқ саусағын шошайта сөйлеген Хрущевтің өткір көзі мен өжет сөзі өңменінен өткен Ерасыл.

Қит етсең қиып түсер Хрущев атты ұстараның өткір жүзінде тұрған басшылар іштей: “Аман-сау тұрғанда, осы абыройымызбен осы жерден тезірек кетсек екен” деп қылпылдай бастағанда олардың ойын аспанда қалықтай ұшқан Ақбас бүркіт пен Көкдауылдың саңқ ете қалған қуатты дауысы бөлді. Жердегілер көк жүзіне көз жіберді.

-Мыналардың дауысы қандай күшті,-деді аспанға шалқалай қараған Хрущев.-Өздері өте үлкен

екен.

-Атып алар ма еді,-деді Хрущевке еріп жүрген мәскеулік шенеунік.

-Мылтық бар ма?-деді аңшылық аңсары атойлап шыға келген Хрущев жанары жарқылдап.

Бір-біріне иегін көтерген басшылар бір-бірін үнсіз ұғысты. Олар мойындарына су кетіп, көзімен жер шұқып тұрғанда Хрущев:

-Неге үндемейсіңдер? Мылтық бар ма деп сұрап тұрмын ғой, мен сендерден,-деп ақырды.

Яковлев Морозовқа иек қақты. Бұл оның Хрущевқа өзің жауап бер деген белгі екенін ұққан ол кінәлі жандай моп-момақан болып мүләйімси ақырын сөйледі:

-Никита Сергеевич, кешірім өтінеміз, ешкім мылтық алмапты.

-Қап!-деп қолын сілтеді Хрущев. – Мылтық болғанда Нина Петровнаға мына өте үлкен, өзгеше құстарды қалай атып алғанымды айтып мақтанатын едім.

Ерасыл мылтықтың болмағанына іштей қуанып тұрғанда, Ақбас бүркіт пен Көкдауыл жердегі өздеріне көз тіккен топ адамды жанай ұшты. Хрущевтың төбесіне төніп-төніп келіп, оны мазақ қылғандай қайқаң етіп қайтадан аспанға көтерілді. Сәлден соң тағы да төмендей ұшып, қанаттарын оқта-текте бір қаққан қос қыран Хрущевтің тас төбесінде қалықтап тұрып алды.

-Қап, мына құстардың қорлығын-ай,-деп ыза болған Хрущев Ақбас бүркіт пен Көкдауылға шалқалай қарап, жұдырығын түйді.-Келесі келгенде мылтығымды ала келіп көрсетемін сендерге көресіні! Ал, кәне кеттік. Жүріңдер, жолдастар.

Бәрі құс ата алмаған өкініштің өшін кімнен аларын білмей бұлқан-талқан болған Хрущевтің соңынан үнсіз ілесті. Ақбас бүркіт пен Көкдауыл Хрущев бастаған топты жанай ұшты да, қас-қағым сәтте оқтай атылып, ала бұлттың ар жағынан бір-ақ шықты.

Қос қыран көзден таса болысымен машинаға қарай беттеген Хрущевтің қарсы алдынан топтанып төмен ұшқан қара қарғалар шыға келді. “Ға-ғақ, га-га, ғ-ғақ” деп қосыла шулаған жағымсыз жаман дауыс құлақ жарады. Жаңа ғана бітік өскен бидайдың арасында суретке түсіп, көңілі көкке өрлеген, капитализм әлеміне күш көрсетіп, шабыттана сөйлеген Хрущевтің талағы тарс айырылды. Кілт тоқтай қалған ол:

-Мынау не?-деп Журинге сұқ саусағын шошайтты.

-Қарға ғой, Никита Сергеевич, қарға,-деді Журин сасқалақтап.

-Қарға екенін өзім де көріп келемін. Өздері көп қой тіптен. Екінші, міне, үшінші топтары өтіп жатыр төбемізден,-деді түйілген жұдырығын аспанға білеген Хрущев шикілсары жүзі қып-қызыл болып.- Табан астында қайдан шыға келді бұл пәлелер?

-Қайдан білейін, Никита Сергеевич,-деді жүні жығылып, жуаси қалған Журин.-Қайдан деріңіз бар ма?

-Ұсыныс айтқыш білгішсің ғой, сен айтшы, мына қарғалар табан астынан қайдан тап болды?-деп енді Тәшеновке шүйілді Хрущев.

-Аспан асты кең ғой,-деді Тәшенов ойлана сөйлеп.-Онда қыран да, жылан да, қаршыға мен қарға да бар. Қанаттыға шекара жоқ.

-Бұл маған ұнамайды,-деп басын шайқады сабасына түсе бастаған Хрущев өздерінен ұзап бара жатқан қарғалар тобына сығырая қарап.

Оның бұл сөзі жүйкесін жұқартқан қарғалар тобына қатысты ма, әлде Тәшеновтың жауабына қарай айтылды ма, оның астарын ешкім тап басып тани алмады. Бұл кезде Қаратай өз ойымен өзі болып тұр еді. Қарқылдаған қарғалар тобы оған да ұнаған жоқ. “Мына пәлелер топтанып төмен ұшты. Пәтшағарлар жауын шақырып кетті-ау” деген ойдан арқасынан мың сан құмырсқа жүгіріп өткендей болған Қаратайдың денесі тігіркеніп кетті. Хрущевті қоршап, қолпаштаған топ бір сәт үнсіз қалды. Адам өлгендей ауыр тыныштықты Хрущевтің:

-Ал, кәне жолдастар, атқа қоныңдар!-деп саң ете қалған дауысы бұзды.

Бәрі топ-толық төртбақ денесімен машинаға қарай домалай жөнелген аласа бойлы Хрущевқа тағы да үнсіз ілесті. “Жарты әлемді билеп тұрған көсемнің түрін қара,-деп іштей мырс етті Тәшенов.-Бұл пақырдың бойы ғана емес, ойы да аласа екен ғой...”

Асыға адымдап келіп машинаға отырған Хрущев қарсы алған топпен қоштаспастан есікті қатты жауып жүріп кетті...

Машиналар легі дала жолын шаңдатып, Қостанайға қарай беттегенде Қаратайдың бойынан бір ауыр жүк түскендей болды. Сұқ саусағын шошайтып біресе тәтті, біресе қатты сөйлеген Хрущевтің қай тұсыңнан соғары белгісіз қара дауылына ілігіп кетпей, бір қатерден аман қалғанына шүкіршілік етті. Алып империяның айбарлы басшысының көңілсіз бір сәтіне тап келген талайлардың жазықсыз жаза тартып, алақұйын мінездің құрбаны болғанын ескерсек Қаратайдың бұлай тәубаға келуін түсіну қиын емес.

Егін орағы қызу жүріп жатқан осы бір қарбалас кезде Қаратай өзінің үзеңгілес серіктерін арнайы бұйрықпен бригадаларға өкіл етіп бекіткен еді. Өз жауапкершілігіне өзгелерден гөрі жағдайы күрделі бірінші бригаданы алған болатын. Хрущев суық жүзбен суыт жүріп кеткеннен кейін Қаратай бірден сол бірінші бригадаға тартты. Ондағы ойы — мұндағы жұмысты өз көзімен көріп, дихандарға нақты көмек көрсету. Уақытты ұтымды пайдалану үшін ертеңнен бастап түскі асты егін орағы жүріп жатқан астықты алқапқа жеткізуді ұйымдастыру да ойында бар.

Қаратай күзгі дала көрінісіне сүйсіне көз тастап келеді. Көлеміне көк дөненнен жүйрік көңіл болмаса көз жетпейтін ұлы Дала төсінде сап-сары болып піскен егін теңіздей толқиды. Шаңы бұрқыраған дала жолының қос қапталында жарыса қалып жатқан егін алқабындағы “Саратов-1” аталатын жоғары

сортты бидай масақтары Сарыарқаның самал желі желпіген сәтте ап-ауыр бастарын ақырын шайқап, бір-бірімен сыбырласа сырласады. Күмбездей төңкерілген көгілдір аспан Жер-Анаға мейірлене қарайды. Өне, бір тұста пайда болған бір шөкім бұлт көп ұзамай көкжиекке сіңіп жоқ болды. Жылы жаққа беттеген құстар тобы үш бұрыш жасап, ашық аспанда қияктанып ұшып барады. Олардың сызылтып салған әні жүректің нәзік қылын шертеді. Күннің сарғылт сәулесіне шомылған сап сары бидай теңізі енді бір сәт мың градустық ыстықта балқып, тулай аққан сұп-сұйық сап-сары алтын толқынға ұқсап кетті.

Бірінші бригадаға баратын жол айырығына жақындағанда құлаққа айғайлаған әлдебір ащы дауыс келді.

-Мейрамхан, тоқташы,-деді Қаратай. Екеуі машинадан түсіп, дауыс шыққан жаққа көз тікті. Алда, жолдың оң қапталындағы егін алқабында тобылғы түстес бір дәу комбайн тоқтап тұр. Комбайн бункіріне жабысқан адам сұлбасы бұлдырайды. Ол бұлғаған аппақ орамал желдің екпінімен ақ тудай желбіреді. Бұлар машинаға отырып, әп-сәтте сол жерге жетіп келді. Машинадан секіріп түскен Қаратайдың жүрегі су ете қалды. Комбайн бункірінің болат тістері аяғына қанжардай қадалған жап-жас қыздың ақ балтырын қып-қызыл қан жуып кетіпті. Бұған дейін: “Құтқарындар! Құтқарындар!” деп айғайлап, ақ орамалын дамылсыз бұлғаған жаралы бұлар келген кезде есінен танып қалды. Оқтай атылып, комбайн штурвалынан бір-ақ шыққан Қаратай жалма-жан моторды өшірді. Іле жерге секіріп түскен ол Мейрамханға иегін көтеріп, ым қақты. Екеулеп жаралы қыздың аяғын бункірден босатып алмақ болды. Алайда, қызыл тобықтан жоғары қадалған болат тістер қыз аяғын босатар емес. Қаратай тез шешім қабылдады. Өзі жаралы қыздың жанында қалды да, Мейрамханды ең жақын дала қосына аттандырып, оған бункірдің темір тістерін кесетін ара әкелуді, облыс орталығынан “Санитарлық” деп аталатын ұшақ шақыруды тапсырды. Арада ет пісірім уақыт өткенде жаралы қыз комбайн бункірінің тұтқынынан босатылды. Жедел келіп жеткен совхоздағы учаскелік аурухананың дәрігері Аманжол алғашқы дәрігерлік көмек көрсетті. Арада тағы бір ет пісірім уақыт өткенде Қаратай жаралы қызды санитарлық ұшақпен Қостанайға жөнелтті.

Көмейіне астық кептелген комбайн бункірін етігінің тұмсығымен аршымақ болып қатты жарақаттанған бұл қызды Қаратай жақсы білуші еді. Ол тың игерушілердің алғашқы легімен келген Гүлшат есімді еліктің лағындай сұп-сүйкімді бойжеткен еді. “Гүлшат бар болғаны жиырма жаста,-деп ойлады Қаратай.-Жап-жас қыз жанбай жатып сөнсе, не болады? Өзі бір болайын деп тұрған бала еді. Апырай, сөнбесе екен жаңа тұтанған жалын, өлмесе екен жас өмір...”

Қаратай сол күні Гүлшатты ойлап ұйықтап, Гүлшатты ойлап оянды...

Құйын мінез Хрущев келіп кеткеннен кейін Москва совхозындағы жұмыс бұрынғыдан бетер қыза түсті. Алайда, Қаратайдың егін орағын тезірек аяқтасам деп құлшынған жігерін құм қылған кедергілер де аз болған жоқ. Топталып төмен ұшқан қарғалардың ізін суытпай жауған жаңбыр диқандардың қолын жіпсіз байлады. Дала қосына кіре берісте машинадан түсіп, көрсеткіш тақтаға көз жүгіртіп тұрғанда көк мотоциклін дырылдатып Данилчук келе қалды.

-Қайырлы кеш, Игорь Григорьевич,-деді Қаратай мотоциклден түсіп, жанына келген Данилчукке.

-Саламатсыз ба, Қаратай Айтжанович,-деді Данилчук Қаратайдың қолын құшырлана қысып.

-Иә, хал қалай, бригадир жолдас?

-Хал онша емес, директор жолдас.

-Неге?

-Екі күн бойы үздіксіз жауған жаңбыр есімізді тандырды. Комбайндардың бәрі қаңтарылып тұр.

-Оқа емес. Ұмытпай тұрғанда айтып қояйыншы,-деді Данилчукпен бірге дала қосындағы асханаға беттеген Қаратай оған мойнын бұрып,-ана, “Москвалықтар межесі-тоғыз жүз миллион пұт” дегенді бір миллион деп өзгерт ертең.

-Оны жігіттерге айтып, қазір-ақ өзгертеміз.

-Игорь Григорьевич, сіз өйтіп оңай құтылмайсыз менен.

-Иә, тағы не?

-Ана тақтадағы “Біздің бригада 2400 гектар егістіктің әр гектарынан 20 центнер астық алып, мемлекетке 50 мың центнер астық тапсырады” деген сөздердегі алғашқы цифрды 51, екіншісін 51 мың деп өзгерт.

-Апыр-ай, ә,-деп күмілжіді Данилчук.-Бұл қалай болар екен?

-Не қалайы бар?

-Бұрынғы міндеттемеміздің өзі аз емес еді. Ауа райы болса мынау, адымымызды аштырмай тұр.

-Игорь Григорьевич, кеше Хрущевке берген уәде есінде ме?

-Есімде, Қаратай Айтжанович, есімде.

-Есіңізде болсын, мен не істесем де, сіздерге сеніп істеймін. Өздеріңізге арқа сүйеп, тәуекел етіп, тас жұттым. “Тәуекел түбі-жел қайық, өтесің де кетесің, уайым түбі-түпсіз ғой, батасың да кетесің” дейді даланың дана шалдары. Тәуекел ме, Игорь Григорьевич?

-Тәуекел, Қаратай Айтжанович!

-Әкел қолды.

-Міне, қолым.

-Жарайсың. Рахмет, Игорь Григорьевич,-деді бригадирдің күс басқан қолын қайта-қайта сілкілеген Қаратай.

Бұл екеуінің асхана алдына келіп сөйлесіп тұрғанын көрген Шура қарсыдағы палаткадан жүгіре шығып, жандарына келді.

-Қайырлы кеш, Шура,-деді Қаратай жылыұшырай сәлемдесіп.

-Қайырлы кеш, Қаратай Айтжанович!-деді Шура Қаратайға қолын ұсынып.-Көзіңіз қызарып кетіпті ғой, ұйқыңыз шала-ау шамасы.

-Алдымен астықты жинап алайықшы, ұйқы қайда қашар дейсің,-деді Қаратай.

-Шура, бізге тамақ бересің бе?-деді Данилчук.

-Бергенде қандай,-деп сыңғыр ете қалды Шура.-Жігіттер кешкі ас ішкелі қашан. Дәм бар ғой, бірақ суып қалды. Қазір тез жылытып жіберейін. – Жараған байтадай ойқастай жүріп, жарқылдай күлген Шураның қолынан кешкі асты кештеу ішкен Қаратай мен Данилчук сыртқа шықты. Екеуі көк жүзіне жарыса көз тікті. Манадағыдай емес, қорғасындай ауыр қара бұлттан арылып, етек-жеңі түрілген аспанның қабағы ашық. Түбіт түстес түнгі аспандағы жыпырлаған жұлдыздар жымың-жымың етіп, жұмсақ жымияды. -Ертең күн ашық болады,-деді Қаратай аспанға қарап тұрып.

Қаратай жаңа төртінші бригадadan шыққанда совхоз орталығына жетуге асыққан. Оның да орайы бар еді. Отбасы осы биылғы егін орағы басталар алдында ғана Мәскеуден тыңға біржола көшіп келген. Қостанайға құстай ұшқан Қаратай Наташасы мен Айбалтасын вокзалдан өзі қарсы алып еді. Екі бірдей аяулысымен сағынысып көріскен Қаратайдың жүрегі сол сәтте қуаныштан жарылуға шақ қалған. Сол жолы үшеуі Қостанайда үш күн болып, біраз серуендеген. Совхозға келгесін үш-төрт күн күндіз үйден көп ұзамай, кешкісін отбасымен асықпай шүйіркелесіп жүрді. Сосын егін орағы басталып кетті. Енді Қаратай ерте тұрып, кеш келетін болды. Үйде бос отырғысы келмеген Айбалта алтыншы бригаданың қырманнаына барып, астық тазалау жұмысына кірісіп кетті. Оқу жылы басталса да, мектептердің есігі әлі айқара ашылған жоқ. Себебі-жоғары сынып оқушыларының бәрі астық майданында жүр. Наташа үйде күні бойы жалғыз. Сырласатын құрбы, дос, туыс тағы жоқ. Көршілерімен де еркін араласып кете алмай жатыр. Уақыт босқа өтпесін деп Әуезовтің “Абай жолы” эпопеясын оқи бастап еді, сонысы ақыл болды. Қуатты таланттан туған құнарлы шығарма тереңіне тартып ала жөнелді. Наташаға жетуге қанша асықса да, жауыннан кейінгі астықтың жайына қатты алаңдаған Қаратай бесінші бригадadaғы қырманға тартты. Келсе, қырманда күзетші шал Жауғаштан бөтен тірі жан жоқ. Тау боп үйілген астық үлкен берзент жамылғымен жан-жағы қымтай жабылыпты. Берзент жамылғының бір шетін көтеріп, бидайды қолымен көсеп, бір уыс дән алды. Астық буланып, қыза бастапты.

-Мына қырманның жұмысшылары қайда?-деп сұрады Қаратай Жауғаштан.

-Олар бүгін жұмысқа шыққан жоқ.

-Неге?

-Ашпыз деп наразылық жасап жатыр.

-Ашы қалай?

-Екі күннен бері ешкім совхоз орталығына нан әкелген жоқ.

-Нан тасып жүрген жігіт қайда?

-Иванды айтасыз ба?

-Иә.

-Ол ішіп кетіпті.

-Бригадир Әуезхан қайда?

-Үйінде болу керек.

-Анау-мынауға ашулана қоймайтын Қаратай мынадан кейін күйіп кетті. Салып ұрып, бригадирдің үйіне келді. Түн орғасы болғанына қарамастан, есікті қатты қақты. Үйдегілер оған да ояна қоймағасын терезені ұрғылап, айғай салды.

-Қайсың барсың? Шығындар біреуің.

Іштен Әуезхан атып шықты.

-Бұл не жатыс?-деп дүрсе қоя берді Қаратай.

-Жатпағанда не істейміз, түнде ұйықтауға да болмай ма? Бала-шағаны сонша шошыттыңыз ғой,-деді Әуезхан.

-Астық қызып жатыр ғой.

-Қызса ертең кептіреміз.

-Бүгін неге кептірмедіңдер?

-Ой, мынау өңшең қыз-қырқын, қатын-қалаш ұлардай шулап жұмысқа шықпай қойды.

-Неге шықпайды?

-Екі күннен бері нан жеген жоқпыз дейді.

-Нан неге бермейсіңдер?

-Әлгі нан таситын Иван жоқ. Жер жұтты ма, аспанға ұшты ма, білмеймін.

Астық қызып жатқанда бригадирдің жайбарақат сөйлеп, ортақ іске жаны ауырмағаны Қаратайға қатты батты. Қаны басына шапқан ол түсін суытып, дауысын қатайта сөйледі:

-Әуке, сіздің жасыңыздың үлкендігін сыйлап, кейбір кемшіліктеріңізге кешірім жасап келдім. Ал, енді ана қырмандағы астық қызып кететін болса, менен жақсылық күтпеңіз.

-Не істейсің, жұмыстан қуасың ба?

-Ол аз, түрмеден бір-ақ шығасың. Қаншама еңбекпен келген астықты шығыстан шығарып отыра алмаймын. Сотталып кеткіңіз келмесе, тап қазір совхоз орталығына барып, қырмандағы жұмысшыларға қажетті азық-түлікті тез жеткізіңіз. Су тиген астықты кептіруге осы бүгін таңертең ерте кірісіңдер. Екі күннен кейін қайтып оралып, өз көзіммен көремін.

Қаратай осыны айтты да, Әуезханның жауабын күтпестен машинаға отырып жүріп кетті.

Не ашуланып, не ақталып үлгермеген Әуезхан сол орнында қаққан қазықтай болып қақиып тұрып

қалды. “Директормен бекер байланыстым,-деп ойлады ол.-Екі жыл бірге жұмыс істей жүріп, ішін ала алмасам да сыртқы мінезін байқадым ғой. Мен бірдеңе білсем, Қаратай айтпайды, айтты ма, алған бетінен қайтпайды. Сені шыңға шығару да, шыңырауға құлатып жіберу де келеді оның қолынан. Бұл қызылкөздің қаһарына ұшырамай тұрғанда тез іске кірісейін. Сонда не істеуім керек? Ауданды билеп тұрған орыс тамырыма шығамдансам ба екен? Оның орайы жоқ. Қаратай принциптің адамы. Өз ісінің дұрыстығына көз жеткізсе, аудан тұрмақ, облыстағы дөкейлер телефон шалса да, тыңдамайды ол. Онан да дереу, осы тап қазір жұмысқа шығып, қыза бастаған астықты кептірудің қамына кірісейін”. Осы ойға бекінген ол таңның атуын күтпей, Иванның үйіне барды. Бұл келгенде екі күн бойы ішкен арақтың уы тарқаған Иван сөзге келместен Әуесханның жетегіне еріп жүре берді.

Қаратай бөлімшеден ұзаған сайын ашуы тарқап, сабасына түсе бастады. Ой құшағында отырып совхоз орталығына жеткенін бір-ақ білді. Поселкенің шетіне ілінісімен жылдамдықты азайтып, жан-жағына жіті көз тастап келеді. Үш жүз қаралы шаңырақтың мыңға жуық тұрғындары түнгі ұйқы құшағында. Айнала тып-тыныш. Қаратай совхоз кеңесесінің тұсынан өте бергенде әлдебіреудің терезеден сыртқа секіріп түскенін байқап қалды. Машинаның жарығын көзі шалған ол алды-артына қарамай қаша жөнелді. Пәтшағар, сонша жүйрік болар ма, атқан оқтай зулап барады. Жеңіл машина қойсын ба, әп-сәтте қуып жетті. Қашқынның қолында бүйірі томпиған қапшық бар. “Бұл дәу де болса, совхоз кассасына түскен ұры болар” деп ойлады Қаратай.-Жүрек жұтқан қаныпезер кім болды екен?” Жақын келгенде таныды-“жырық ерін”.

-Таста! Қолыңдағы қапшықты таста!-деп айғай салды Қаратай.-Тастамасаң атамын!

Жырық ерін бұдан құтылмасын білді ме, әлде атамын дегенге мылтығы бар деп сеніп қалды ма, кім білсін, әйтеуір арқасындағы қапшықты тастай салып, кілт бұрылып, кері қашты. Бұл кері оралып, қайта қуамын дегенше ол қараңғы көшенің бір қуысына кіріп ізін жасырып үлгерді. Қаратай қателеспепті. Қапшықтың іші тола қағаз ақша екен. Жіңішке сыммен буылған, аузын сургочпен бекітіп, үстіне мөр басқан белгісінен біле қойды. Қаратай ақша толы қапшықты машинаға салып алды да, совхоз кеңесесіне келді. Әккі ұры алдымен күзетшінің саудасын бітірсе керек. Қол-аяғы байланған ол байғұстың басына қапшық кигізіп кетіпті. Қаратай:

-Жақып тұр, тұрсаңшы енді,-дегенде де әрі-бері бұлқынып, бұғаудан босай алмады. Бастағы қапшықтан дауысы да күңгірлеп, жөнді естілмейді. Қаратай бұғаудан босатып алғанда ол оның аяғына жығылып, жылап жіберді.

-Жақып, неге жылайсың?-деді Қаратай.

-Қаратай аға, мен құрыдым. Енді өлгеннен бөтен жол қалған жоқ,-деп онан сайын еңіреді ол.

-Жақып, саған не болды? Тұр, жігіт адам жылай ма екен?-деп оны қолтығынан көтеріп, орнынан әрең тұрғызды.

-Мен енді асылып өлемін,-деді Жақып өксіп-өксіп.

-Неге өлесің?-деді Қаратай.

-Өзіме-өзім қол салмасам, бәрібір түрмеде азаппен өлемін. Онан да жанымды қинамай, бірден өліп кеткенім жөн.

-Түрмеге неге түсуің керек?

-Ойбай-ау, кассир Төлен ауданнан кеше ғана әкелген бір қапшық ақшадан айрылып қалған мен сорлыны үкімет соттамағанда маңдайымнан сипай ма?

-Кассаны тонаған кім?

-Кім екенін қайдан білейін. Қараңғыда ту сыртымнан келіп бас салды ғой қанішер қарақшы.

-Сол бір қапшық ақшаны орнына қайтып оралтсам, сүйінші бересің бе?

-Сүйінші аз, құлық болып өтемін, Қаратай аға.

-Құл болма, ұл бол, Жақып! Жүр, кеттік.

-Қайда?

-Бара көресің.

-Учаскелік милиционер Глеб Ефремович Лазаренко салт басты, сабау қамшылы жігіт еді. Ол учаскелік милиция үшін арнайы салынған еңселі ғимараттың бір бөлмесінде тұратын, сергек жатса керек, есікті тез ашты. Қаратай мән-жайды қысқа баяндағаннан кейін түнгі оқиға жайлы жазылған хаттамаға қол қойды да, үйге келді. Наташа ұйықтамааса керек, машина дауысын естіп, сыртқа атып шықты.

-Амансың ба?-деді ол Қаратайды құшақтай алып.

-Көріп тұрсың ғой, дін аманмын,-деді Қаратай оны бауырына басып, аймалап.

-Әлі ұйықтамағансың ба?

-Сені ойлап, қатты уайымдадым.

-Неге?

-Бүгін шамадан тыс кешіктің ғой.

-Кешір, Наташа, тоқалға барып ыстық құшақтан шыға алмадым,-деп жымыды Қаратай.

-Немене, менің құшағым суып қалды ма?-деп наздана күлді әзілге әзілмен жауап берген Наташа.- Мен саған көрсетемін тоқалға барғанның соңы не боларын.

-Қойдым, бикеш! Бағындым саған. Кессең басым, міне,-деп әзілдей жүріп шешінген Қаратай жаны сүйген сұлуға өзге әңгіме айтуға шамасы келмей, ұйықтап кетіп еді, әйтсе де әбден қалыптасып қалған әдетпен тағы да ерте оянып алды. Денесі күйіп-жанған Наташа көрпені серпіп тастапты. Қаратай әйелінің аппақ, сұлу денесіне жаңа көргендей жанарын суара қарады да, оны оятып алмайын деп сыртқа ақырын шығып кетті.

Халық “планерка” деп атап кеткен таңертеңгі қысқа жиынды өткізіп, серіктерімен алдағы істің жайын бір саралап алған Қаратай үйге қайтып оралғанда, Наташа дастархан жайып, мұны күтіп отыр еді. Таңертеңгі шай үстінде әйеліне соңғы тәуліктің оқиғаларын қысқа ғана айтып берген Қаратай машинаға отырып алып, егіс алқабына тартты...

Содан арада он күн өткенде Қаратай Айтжанов басқаратын Москва совхозы облыста бірінші болып егін орағын аяқтады. Қаратай араға апта салып, өз совхозының мемлекетке бір миллион жүз мың пұт астық тапсырғаны жайлы жоғарыға жазбаша рапорт берді. Көп ұзамай орталықтан Қазақстан Отан қоймасына миллиард пұт астық құйғаны жайлы қуанышты хабар жетті.

Бұл тынның тұңғыш сілкінісі, Қазақстанның алғашқы миллиарды еді...